

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Сенек ауылының әкімінің 2025 жылғы 18 ақпандағы № 07 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19, 69 баптарына сәйкес, Сенек ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Сенек ауылы жерінен жалпы көлемі 0,0020 гектар жер учаскесін "QAZAQGAZ АЙМАҚ" акционерлік қоғамына №66 шкафты газ реттеу пунктін орналастыру және пайдалану үшін жер пайдаланушылардан алып қоймай 10 (он) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Сенек ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде ресми жариялануға жіберуді;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қарақия ауданы әкімдігінің интернет – ресурстарына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*А.Ерболов*

Сенек ауылы әкімінің  
18 ақпандағы 2025 жылғы  
№07 шешіміне қосымша

## Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскелері берілетін жердегі жер пайдаланушылардың атаулары мен жер санаттары	Қауымдық сервитут белгілеу көлемі, га
I	Сенек ауылының жері	0,0020
Барлығы:		0,0020